

Жәйрем кентіндегі көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Жәйрем кентінің әкімінің 2018 жылғы 21 қарашадағы № 4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 желтоқсанда № 5062 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 30 мамырдағы қорытындысына сәйкес, Қарағал қаласы Жәйрем кентінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды облысы Қарағал қаласы Жәйрем кентінің келесі көшелері:

- 1) Карьерная көшесі – Ғабиден Мұстафин көшесі;
- 2) Строительная көшесі – Дінмұхамед Қонаев көшесі;
- 3) Кустанайская көшесі – Ыбырай Алтынсарин көшесі;
- 4) Пионерская көшесі – Ораз Жандосов көшесі;
- 5) Строителей көшесі – Ахмет Жұбанов көшесі;
- 6) Юпитер көшесі – Жетісу көшесі;
- 7) Марс көшесі – Жібек жолы көшесі;
- 8) Меркурий көшесі – Шаңырақ көшесі;
- 9) Нептун көшесі – Тұран көшесі;
- 10) Солнечная көшесі – Болашақ көшесі;
- 11) Венера көшесі – Қайнар көшесі;
- 12) Сатурн көшесі – Сарыарқа көшесі;
- 13) Лунная көшесі – Алаш көшесі;
- 14) ЖДЦ көшесі – Аламан көшесі;
- 15) ПАТП көшесі – Ынтымақ көшесі;
- 16) ВСО-1 көшесі – Достық көшесі;
- 17) ВСО-2 көшесі – Игілік көшесі деп қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа еңгізілсін.

Жәйрем кентінің әкімі

А. Наукенов